



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТСЫЗДЫҚТЫҢ САЛДАРЫ АУЫР



Заңсыз мемлекет болмайды. Бірақ заң көп болған сайын құқықтық мемлекет те өздігінен қалыптаса салмайды. Өйткені, заңның қағазда болуы мен оны азаматтардың күнделікті өмірде қолдануы, жұмыс істеуі – екі бөлек мәселе.

(Жалғасы 3-бетте)



ТҮЛҒА

Қатардағы заңгерліктен сатылап көтеріліп, халықтық әрі мемлекеттік тұлғаға айналған қайраткерлеріміз көп болмас. Бірақ, олардың бар екенін, өздерінің ерек те еңсәлі қалпымен мәртебемізді асқақтатып тұратындығын мақтанышпен айта аламыз. Осындай биік тұғырлы заңгерлеріміздің бірі деп қадірменді ел ағасы Бектас Әбдіханұлы Бекназаровты даралап атар едік.

АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС



Сыншыл көздердің сынағына төтеп берерліктей сымбатты да келбетті қалпына сүйкімді мінезі мен салмақты сөз саптасы сәйкесе келгенде, осы бір әріптес ағамыздың өне бойынан өзгерді баурай тартатын айрықша жылудық қуаты менмұндалап, алаулап, ұшқын шашып тұратындай. Қандай сәтте де өзгермейтін, асып-таспайтын, бекзат болмысынан ажырамайтын бір адам болса, ол осы Бектас Әбдіханұлы болар. Ағамыздың Жоғарғы Сот төрағасы болғанда да, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесін-

дегі қызметте де, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, одан Сенат төрағасының орынбасары болып, үлкен мемлекеттік қызметте жүргенде де өзгермей, баяғы қарапайым, кішіпейіл қалпында қалғанын көргенде қатты танданып әрі сүйсініп қалып едім. Өзінің атшаптырым еңсәлі кабинетінде отырып, есіктен ене берген өзіне құрмет көрсете, құшағын жая қарсы ұмтылғанда, асып-сасып абдырап, бір жағынан, көңілім көкке жетердей шарықтап көтеріліп өсіп, осыншалық ұлылықты бойына сыйғыза білген кең жүректі, кісілік қырына тәнті болып қалатынымын. Жақсыдан алар ұлағатымыз осындай-ақ болсын. Күнделікті тірлікте туындап жататын қат-қабат ауыртпалықты сездірмей, жеңілдегіп жіберетін де, бәлкім, осындай эпнақ пейілді көңілдердің кіршіксіз пәк, қылаусыз тазалығы болар! Қайран дана Абай, «Асыл адам айнымас» деп осындай адал жандардың адамдық қырын бағалап айтқан болар. Азды-көпті өмірлік сапарымыздың ең жауапты кезеңдерінде осындай өнеге аларлық тау тұлғалармен жолымызды түйістірген, әріптес әрі пікірлес қылған тағдырымызға мың алғыс айтамын. Міне, баршамыз үшін қадірлі әріптесіміз, ел ағасы Бектас Әбдіханұлы да жетпісінің тұғырына шығуға жақындапты.

Қалың қауым үшін, әрине, Бектас Әбдіханұлының өмір сынақтары қалай шындады екен, өзінің діндеген түпкілікті мұраттарына қалай жетіпті, қаншама асуды қалай бағындырыпты деген сұрақ қызықтырары сөзсіз.

(Жалғасы 5-бетте)



БАЙРАҚТЫ ДОДА

ҚАЗАҚСТАН – КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Екі жылда бір рет өтетін Көшпенділер ойынының даңқы соңғы 12 жылда қайта жаңғыруда. Оны жарысқа қатысушы елдердің санынан да анық аңғаруға болады. Мәселен, бұл байрақты бөсекеге 2014 жылы 10-нан астам спорт түрі бойынша 17 елден 583 спортшы қатысқан болатын. Биыл Қырғызстанда ұйымдастырылған VI Көшпенділер ойынында 113 елден келген 3 мыңдай спортшы 42 спорт түрінен бақ сынады.



Олар ат үстіндегі ойындар (аударыспақ, теңге ілу, түрлі қашықтықтағы бәйгелер мен ат марфоны, көкпар, көкбөрі), мергендік сайыстар (дәстүрлі садақ атудың түрлері мен жамбы ату), зияткерлік және халық ойындары (тоғызқұмалақ, мангала, овари, ордо), күштік және өзге

сайыстар (арқан тарту, кол күресі, таяқ тарту, стронгмэн) мен ұлттық күрес түрлерінде (14 түрлі күрес) өзара күш сынасып, өз мықтыларын анықтады.

(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ



«Мемлекеттік тілге стратегиялық тұрғыдан қарау қажет»

4-БЕТ



Ерлік пен елдік
ЖОЛЫ

8-БЕТ



Қоңыр қайысқа түскен «қолтаңба»

БАЙРАҚТЫ ДОДА

ҚАЗАҚСТАН –
КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНЫҢ
КӨШБАСШЫСЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Көшпенділер ойынының тарихи маңызы, халықтар достығы мен ұлттық мұраны сақтаудағы рөлі жыл өткен сайын жаңғырып, жаңарып, ауқымын кеңейтіп келе жатыр. Оны әрбір ойын кезінде жарысты ұйымдастырушы Мемлекет басшыларының жарыстың ашылу рәсімінде сөйлеген сөздерінен де аңғаруға болады. Мәселен, Қырғыз Республикасының экс-Президенті Алмазбек Атамбаев кезінде: «Қазіргі жаһандану заманында біз ұлттық тамырымыз бен бірегей мәдениетімізді

жоғалтып алмауымыз керек. Көшпенділер өркениеті – бұл табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің үлгісі», дей келе Көшпенділер ойындарын Орталық Азия халықтарының рухын көтеріп, ұлттық дәстүрді әлемге танытудың басты құралы, – деген еді. Қырғызстанның одан кейінгі Президенті Сооронбай Жээнбеков: «Бұл жарыс тек бір елдің меншігі емес. Көшпенділер ойындары Олимпиада секілді елден елге көшіп, бүкіл адамзаттың ортақ мұрасына айналуы тиіс», – деп мәлімдеп, келесі эстафетаны Түркияға ресми түрде табыстайды. Ал 2022 жылғы IV ойында Түркия

Президенті Режеп Тайып Ердоған: «Көшпенділер мәдениеті – біздің ортақ өткен тарихымыз бен болашаққа салған көпіріміз. Бұл ойындар спорттық дода ғана емес, түркі халықтарының бауырластығы мен ынтымағын бүкіл әлемге паш ететін үлкен мәдени дипломатия», – дегенді айтты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлы дала көшпенділері жаһандық даму үдерісіне түбегейлі өзгеріс әкелді. Көшпенділер ойыны – бабалар аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба», – дей келе оны «Көшпенділер Олимпиадасы» деп бағалады. Ал биылғы ойында Қырғыз Президенті Садыр Жапаров: «Біздің іргетасымыз – тәуелсіздік, ал тамырымыз – көшпенділер өркениетінде. Біздің таңдаған бағытымыз – халықаралық достық пен серіктестік, ал болашағымыз – бірлікті құруда», – деп бұл шараның ел егемендігімен сабақтастығын атап көрсетті.

Көпшілік күткендей мұнда сарапқа салынатын жүдделердің басым бөлігін өзара бөлісіп жүрген Қазақстан мен Қырғызстан құрамалары арасындағы бәсекелестік бұл жолы да өз жалғасын тапты. Онда ақтық сынға дейін ешкімге дес бермеген Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте (32 алтын, 20 күміс, 22 қола) топ жарып, 2024 жылы Астанада қолжеткізген көшбасшылығын сақтап қалды. Қазақ спортшыларының ең үздік нәтижесі армрестлинг (7), бәйге (5), аударыспақ, тоғызқұмалақ (төрт-төрттен), арқан тарту (3), мангала, садақ ату (екі-екіден) спорттарында тіркелді. Ал жамбы ату, қазақ күресі, күш салу, теңге ілу, самбо жарысында тек бір-бірден ғана спортшыларымыз тұғырдың ең жоғары сатысына шыға алды.

Жүлдегерлер қатарына бұл жолы 19 елдің спортшылары еніп отыр. Үздік бестікті Қырғызстан (30 алтын, 35 күміс, 19 қола), Ресей (7 алтын, 8 күміс, 21 қола), Моңғолия (5 алтын, 3



күміс, 13 қола), Өзбекстан (4 алтын, 4 күміс, 11 қола) командалары түйіндеді.

Көшпенділер ойыны – Қазақстан мен Қырғызстанның ғана бәсекесі емес

Оны бүгінді көзі қарақты жұрт жақсы біледі. Өйткені Көшпенділер ойыны мәдениеттің жаңғыруы ғана емес, өркениеттер арасындағы ұрпақтар сабақтастығының мерекесі. БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО) Материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген Көшпенділер ойыны туралы бұл халықаралық қауымдастық: «Дүниежүзілік көшпенділер ойыны – жай ғана спорттық бәсеке емес, бұл адамзат өркениетінің ортақ құндылықтары мен материалдық емес мәдени мұрасын сақтаудың ең үздік әлемдік үлгісі», – деген баға беріп, бұл жобаны халықтар арасындағы бейбітшілік пен мәдени диалогты қолдаудың маңызды құралы деп есептейтінін жариялады. Ал Голливуд актері, Көшпенділер ойынының ізгі ниет елшісі Стивен Сигал екінші және үшінші ойындарға арнайы келіп, ашылу салтанатына қатысқанда: «Бұл ойындар – әлемде теңдесі жоқ бірегей жоба. Ол жаһандану дәуірінде ұмытылып бара жатқан көне өркениеттің рухын, жауынгерлік өнерін және табиғатпен байланысын қайта тірілтті. Мен бұл ұлы мәдениетті бүкіл әлемге танытуға атсалысқанымды мақтан тұтамын», – деген болатын.

Сондай-ақ халықаралық спорт сарапшылары түрлі басылымда: «Қазіргі заманауи олимпиада тым коммерцияланып, саяси сипат алып кеткен уақытта, Көшпенділер ойындары спорттың шынайы рухын – таза бәсекені, мәдениетті және бауырластықты алдыңғы шепке шығарды», – деген баға беруде.

Бұл сөздің негізсіз емес екенін Көшпенділер ойынымен тұспа-тұс өткен ШЫҰ жынына келген мүше елдердің басшылары да өз құттықтауларында білдіріп жатты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚЫЗМЕТ

СОТ ПРИСТАВЫНЫҢ
НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҒЫ МЕН
МІНДЕТІ

Сот жүйесінің тиімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды тұлғалардың бірі – сот приставы. Кез келген құқықтық мемлекетте сот төрелігінің беделі мен заңның үстемдігі тек әділ сот шешімін шығарумен ғана емес, сонымен бірге оның мүлтіксіз орындалуымен және сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігімен өлшенеді. Дәл осы жауапты міндетті атқаруда сот приставтары айрықша рөл атқарады.

Сот приставының негізгі міндеттеріне тоқталатын болсақ, олар ең алдымен сот ғимаратында және сот мәжілісі өтіп жатқан залдарда қоғамдық тәртіпті, заңдылықты қамтамасыз етуге міндетті. Судьялардың, куәлардың, сарапшылардың және сот процесінің басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қорғау – олардың басты жүктемесі болып табылады. Оған қоса, сот приставы сот орындаушыларының атқарушылық әрекеттерін жүзеге асыруы кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сотқа келуден қашқақтаған тұлғаларды мәжбүрлеп алып келу шараларын жүргізеді және сот шешімдерін орындаудан бұлтартатын борышкерлерді іздестіруге көмектеседі. Мұның барлығы азаматтар құқықтарының нақты қалпына келуіне тікелей ықпал етеді.

Сонымен қатар, өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы әрі нәтижелі орындау үшін сот приставтарына заңмен кең ауқымды құқықтар берілген. Сот приставы сот мәжілісі залында тәртіп бұзған тұлғалардан тәртіпке бағынуды талап етуге, заңсыз әрекеттер тоқтатылмаған жағдайда оларды сот залынан шығарып жіберуге немесе әкімшілік хаттама толтыру үшін ішкі істер органдарына тапсыруға құқылы. Мемлекеттік органдардан, және азаматтардан өз қызметіне қажетті ақпараттар мен мәліметтерді сұратуға өкілетті.

Айта кету керек, сот приставы өз қызметін атқару барысында азаматтардың өміріне, денсаулығына немесе сот төрелігін жүзеге асыруға қауіп төнген төтенше жағдайларда заңда көзделген тәртіппен физикалық күшті, арнайы құралдарды және тіпті атыс қаруын қолдануға құқылы. Әрине, мұндай төтенше шаралар қатаң түрде заң шеңберінде және заңдылық пен адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарына сәйкес қана қолданылады.

Сот приставының құқығы мен міндеті бір-бірімен тығыз байланысты және олардың тиімді жүзеге асырылуы еліміздегі сот төрелігінің беделін арттыруға, сот шешімдерінің сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауға тікелей қызмет етеді.

Л. БИСАЛИНА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының аға сот приставы

ШАРА

Тілдер мерекесіне орай №172 мектеп-гимназиясында «Үш тіл – үш әлем, бір шаңырақ» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне деген қызығушылығын арттыру, ана тіліне құрмет сезімін қалыптастыру, көптілділік мәдениетін насихаттау және түрлі тілдер мен мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеу.

ҮШ ТІЛ – ҮШ ӘЛЕМ,
БІР ШАҢЫРАҚ

Тіл – ұлттың рухани қазынасы, халықтың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл мұра. Осы құндылықтарды дәріптеген мерекелік шара қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіліп, үш тілдің бір шаңырақ астындағы жарасымды үндестігін көрсетті.

Іс-шара барысында қазақ тілінің мәртебесі мен ұлттық рухани құндылықтарға ерекше мән берілді. Оқушылардың қатысуымен «Алаш аманаты – ұрпаққа мұра» атты сахналық көрініс ұсынылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Алимжанова Жанат пен Сезім Ардакқызының көркемдік жетекшілігімен дайындалған қойылымда Алаш қайраткерлерінің ел болашағы, білімді ұрпақ пен тәуелсіз мемлекет туралы асыл мұраты көрініс тапты.

Мерекелік бағдарламаның ерекше сәттерінің бірі – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының «Көзімнің қарасы» өнінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орындалуы болды. Үш тілде шырқалған әсем ән іс-шараның «Үш тіл – үш әлем, бір шаңырақ» идеясын айшықтай түсіп, тіл мен өнердің үндестігін көрсетті. 9 «А» сынып оқушысы Гайсақ Кәусардың орындауындағы ән көрерменге ерекше әсер сыйлады. Шараның келесі бөлігі оқушыларға

арналған қызықты ойын алаңдарымен жалғасты. Қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері түрлі танымдық, зияткерлік және тілдік ойындар ұйымдастырып, оқушылардың білімін қызықты форматта сынауға мүмкіндік берді. Қатысушылар тапсырмаларды орындау барысында тілдік білімдерін, тапқырлығы мен шапшаңдығын көрсетті. Белсенділік танытқан оқушыларға сыйлықтар табысталып, бұл олардың қызығушылығын одан әрі арттыра түсті.

Қазақ тілі бойынша «Қазақ тілі – ұлттың ұлы мұрасы» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылып, оқушылар ана тілінің байлығы мен көркемдігін, ұлттық тарих пен мәдениетке қатысты білімдерін ортаға салды. Орыс тіліндегі «Угадай сказку по смайликам» ойынында қатысушылар смайликтер арқылы жасырылған ертегілерді анықтап, логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін танытты. Ағылшын тілі бойынша «Do You Know Three Languages?», “UNSCRAMBLE THE LETTERS» ойындары мен «THE AMAZING RACE: LANGUAGE EDITION» командалық тілдік квесті ұйымдастырылып, оқушылар өз білімін қызықты әрі еркін ортада қолдануға мүмкіндік алды.

Мереке барысында оқушылардың белсенділігі, тіл үйренуге деген қызығушылығы мен шығармашылық қа-



билеттері айқын көрінді. Бірі білімін сынаса, бірі өнерін ортаға салды. Ең бастысы, оқушылар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, әр халықтың рухани әлеміне жол ашатын үлкен құндылық екенін сезіне түсті.

«Үш тіл – үш әлем, бір шаңырақ» іс-шарасы ана тіліміздің мәртебесін асқақтатып, өзге тілдерді меңгерудің маңызын насихаттаған, оқушыларды білімге, достыққа, өзара сыйластық пен бірлікке үндеген тағылымды мереке болды. Үш тілдің үні тоғысқан бұл күн мектеп өміріндегі мазмұнды әрі жарқын шаралардың бірі ретінде есте қалады.

Айдана КӘДІРХАН,
№172 мектеп-гимназиясының
мұғалімі
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



ЖИЫН

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАУ ҚАЖЕТ»

Орал қаласында сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шара ҚР Судьялар одағы мен Батыс Қазақстан облыстық сотының бірлесуімен ұйымдастырылды. Жиынға ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғали-



ев, өңірдің құқық қорғау және мемлекеттік органдарының басшылары мен өкілдері, сондай-ақ бірқатар жоғары оқу орындарының құқықтану саласындағы ғалымдары қатысты.

Жиында сөз сөйлеген Досжан Әмір мемлекеттік тілдің сот жүйесінде және құқық қорғау органдарында заң талаптарына сәйкес толыққанды қолданылуы маңызды екенін атап өтті.

Оның айтуынша, Конституция мен «Тіл туралы» заңға сәйкес Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қымыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Ал басқа тілге ауыстыру қажет болған жағдайда ғана, заңда көзделген тәртіппен оның нақты себептері көрсетілген уәжді қаулы шығарылуы қажет.

Досжан Әмір іс жүзінде бұл талаптардың толық орындал-

май отырғанына назар аударды. 2026 жылдың 8 айында қаралған істердің небәрі 34 пайызы қазақ тілінде жүргізілгенін айтып, көптеген жағдайда іс жүргізу тілінің тиісті негізсіз орыс тіліне ауыстырылатынын атап көрсетті. Сондай-ақ, бүгінгі күнгі заң талаптарына сай соттар мен құқық қорғау органдарының мемлекеттік тілде іс жүргізуге нақты басымдық беруі, ал мемлекеттік органдардың құжаттар мен анықтамаларды қазақ тілінде рәсімдеуге көшуі қажеттігін айтты.

«Біздің мақсатымыз – басқа тілдерді шектеу емес. Басты мақсат – Конституция мен заң талаптарын толық орындап, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іс жүзінде қамтамасыз ету», – деді Досжан Әмір.

Оның пікірінше, мемлекеттік тілдің сот жүйесінде, құқық қорғау органдарында және мемлекеттік басқаруда кеңінен

қолданылуы қазақ тілін меңгеруге деген табиғи қажеттілікті қалыптастырады. Бұл өз кезегінде заң үстемдігін нығайтып, әділетті қоғам мен ұлттық тұтастықты орнықтыруға ықпал етеді.

Досжан Әмір мемлекеттік тіл мәселесіне формалды емес, стратегиялық тұрғыдан қарау қажеттігін атап өтіп, бұл бағыттағы нақты қадамдар елдің болашағы үшін маңызды екенін

айтты. Конференция барысында алғашқы болып Батыс Қазақстан облыстық сотының мемлекеттік тілді дамыту мәселесін үйлестіруші судьясы Мағира Китарова «Мемлекеттік тілдің сот процесінде қолданылу мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, сот ісін жүргізуде қазақ тілінің қолданысын кеңейту, азаматтардың мемлекеттік тілде құқықтарын еркін жүзеге асыруына жағдай жасау және



сот құжаттарының сапасын арттыру мәселелеріне тоқталды.

Әрі қарай облыс прокуратурасының мемлекеттік айыптауды қолдау және апелляциялық сатыдағы қатысу басқармасының бастығы Бәйдібек Балабек құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимыл кезінде құқықтық құжаттарды мемлекеттік тілде сапалы әрі бірізді әзірлеудің маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ректоры Аксерік Әйтұмов «Ғылым және білім саласындағы мемлекеттік тілдің маңыздылығы туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті бастығының орынбасары Ұланбек Әбілқайыр полиция органдарындағы іс жүргізуде қазақ тілін қолдану, қылмыстық процестегі мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасын арттыру және қызметкерлердің тілдік сауаттылығын жетілдіру қажеттігіне тоқталды.

Жиын барысында сот ісін жүргізуде қазақ тілін кеңінен қолдану, құқықтық құжаттарды мемлекеттік тілде сапалы әзірлеу, заң терминологиясын біріздендіру және мамандардың кәсіби тілдік деңгейін арттыру мәселелері талқыланды.

Қатысушылар мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды күшейтудің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ мемлекеттік тілде іс жүргізу



тәжірибесін жетілдіру, қызметкерлердің тілдік біліктілігін арттыру және құқықтық салада қазақ тілін қолдануға қолайлы жағдай жасау бойынша ұсыныстар айтылды.

Конференция қорытындысы бойынша құқықтық терминологияны біріздендіру, мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған қазақ тілі курстарын тұрақты ұйымдастыру және мемлекеттік тілдегі электрондық құжат айналымын жетілдіру қажеттігі атап өтілді.

Қатысушылардың пікірінше, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтіп, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТСЫЗДЫҚТЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі қоғамда барлық мәселе заңмен реттеледі. Алайда азаматтардың барлығы бірдей өзінің қандай құқығы бар екенін, оны қалай пайдалануға болатынын немесе құқығы бұзылған жағдайда қайда жүгіну керектігін біле бермейді. Осыдан маңызды сұрақ заңның көптігі құқықтық мәдениетті арттыра ма деген сауал туындайды:

«Занды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» деген қағида құқықтық тәртіптің маңызды негіздерінің бірі. Бірақ бұл қағиданың азамат үшін өте қарапайым, өмірлік салмағы басым жағы бар. Мәселен, адам жұмысқа орналасқанда еңбек шартын толық оқымайды. Қандай жағдайда жұмыстан босатылатынын, демалысқа, жалақыға, өтемақыға қатысты құқықтарын білмейді. Бір жылдан кейін еңбек дауы туындаса, өзінің қандай құқыққа ие болғанын түсіну қиын. Бір азамат пәтер немесе жер сатып аларда құжаттардың заңдық тазалығын тексеруге мән бермейді. Кейін дау шыққанда, мәселенің түп-төркіні бірнеше жыл бұрын жасалған мәміледен басталғаны анықталуы мүмкін. Мұның бәрі бір нәрсені көрсетеді, ол – құқықтық сауатсыздықтың құны кейде ақша, кейде уақыт, кейде мүлік, ал кейде адамның өзіне деген сенімі болуы мүмкіндігі. Ең қиыны – адам өзінің құқығы бұзылғанын білмеуі.

Бұл тек Қазақстанға тән мәселе емес екен. 101 елде 100 мыңнан астам адамды қамтыған осы мәселеге қатысты әлемдік бір зерттеуде сауалнамаға қа-

тысқандардың 49 пайызы соңғы екі жыл ішінде кемінде бір құқықтық проблемаға тап болғаны анықталған. Бірақ құқықтық проблемаға тап болғандардың небәрі 29 пайызы ғана оны түсіну немесе шешу үшін қандай да бір кеңес іздеген. Ал тек 17 пайызы мәселені билікке немесе оны шешуге көмектесетін үшінші тарапқа жеткізген. Одан да қызығы – сауалнамаға қатысқандардың тек 29 пайызы ғана өз мәселесін бастапқыдан құқықтық мәселе ретінде таныған. Яғни, көп адам кездескен қиындықты заңмен шешуге болатын мәселе ретінде емес, жай ғана «сәтсіздік», тұрмыстық жағдай немесе тағдырдың сынағы ретінде қабылдаған.

Ал, құқықтық мәселе шешілмей созылған кезде оның салдары да ауырлай түседі. Зерттеуге қатысушылардың 29 пайызы құқықтық проблемасының денсаулығына немесе күйзелісіне әсер еткенін, 23 пайызы жұмысынан айырылғанын немесе қоныс аударуға мәжбүр болғанын айтқан. Демек, құқықтық сауат – заңгерлердің тар кәсіби мәселесі емес, бұл жағдай адамның тұрмысына, экономикалық жағдайына, денсаулығына, әлеуметтік тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Қазақстанда да құқықтық сауаттылықты арттыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Бұл кездейсоқ емес. «Заң мен Тәртіп» қағидаты қоғамның құқықтық мәдениетін, азаматтың заңды құрметтеуін және өз құқығы мен міндетін түсінуін талап етеді. Заңгерлер құқықтық мәдениетті қалыптастыру тек «занды құрметтеңіз» деген үндеу-

мен шектелмеуі керектігін үнемі алға тартады. Олардың айтуынша, азамат ең алдымен заңды түсінуі керек. Заңды түсінбеген адам одан талап етілетін міндетті де, өзіне берілген құқықты да толық пайдалана алмайды.

Қазақстанда халыққа құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келе

101 елде 100 мыңнан астам адамды қамтыған осы мәселеге қатысты әлемдік бір зерттеуде сауалнамаға қатысқандардың 49 пайызы соңғы екі жыл ішінде кемінде бір құқықтық проблемаға тап болғаны анықталған. Бірақ құқықтық проблемаға тап болғандардың небәрі 29 пайызы ғана оны түсіну немесе шешу үшін қандай да бір кеңес іздеген. Ал тек 17 пайызы мәселені билікке немесе оны шешуге көмектесетін үшінші тарапқа жеткізген. Одан да қызығы - сауалнамаға қатысқандардың тек 29 пайызы ғана өз мәселесін бастапқыдан құқықтық мәселе ретінде таныған.

жатқанын байқаймыз. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар түрлі кездесулер, дәрістер, консультациялар өткізеді. Ауылдық жерлерде де құқықтық көмекке қолжетімділікті арттыру шаралары қолға алынған. Алайда сарапшылар мұндай жұмыстың тиімділігін іс-шаралардың санымен ғана емес, азаматтың нақты өміріндегі нәтижесімен бағалау керектігін ескертеді. Олардың пікіріне сүйенсек, мысалы, адам өзінің еңбек құқығын білді ме, сапасыз қызмет көрсетілгенде не

істеу керектігін түсінді ме, мемлекеттік органның шешімімен келіспесе, қайда шағымдануға болатынын біле ме, құқықтық көмек алу мүмкіндігі бар екенін естіді ме, нақты өлшем – осылар.

Құқықтық мәдениетті заң баптарын жатқа білумен шатастырмау керек. Құқықтық мәдениеті қалыптасқан азамат өзінің негізгі құқықтары мен міндеттерін біледі, заң талаптарын сақтайды, өз құқығы бұзылғанын анықтай алады, мәселені заңды жолмен шешуге тырысады, мемлекеттік органдарға талап қоя алады. Қажет болса, заң көмегіне жүгінеді, сонымен бірге өзгенің құқығын да құрметтейді. Демек, құқықтық мәдениет – тек құқықты талап ету емес, құқық пен жауапкершіліктің тепе-теңдігін түсіну.

Егер мемлекет азаматтан заңды сақтауды талап етсе, азаматтың сол заңды түсінуіне жағдай жасау да маңызды. Бұл – халықаралық тәжірибеде де мойындалған ұстаным. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы – OECD – «адамға бағдарланған әділет» қағидатын ұсынады. Оның мәні – құқықтық және сот жүйесі адамның нақты қажеттілігіне бейімделуі тиіс. Құқықтық ақпарат түсінікті әрі қолжетімді тілде берілуі, азаматтың әділет жүйесіне кіру жолы жеңіл болуы қажет.

Дамыған елдердегі маңызды өзгерістердің бірі – әділет жүйесін тек сотқа жүгінумен байланыстырмау. Қазіргі халықаралық тәсілдің мәні – мәселе ушығып, сотқа жеткенше күтпей, азаматқа ерте кезеңде ақпарат, кеңес және медиация сияқты қолжетімді құрал ұсыну. Бұл тәсіл Қазақстан үшін де маңызды. Өйткені кез келген құқықтық дау сотпен аяқталуы міндетті емес. Кейбір мәселені дұрыс түсіндіру арқылы, кейбірін келіссөзбен, енді бірін медиация арқылы шешуге болады. Ең бастысы – азамат қай есікті қағу керектігін білуі керек.

Құқықтық мәдениетті ересек адамның проблемасы деп қарау да қате. Оны мектептен қалыптастыру қажет. Жас адам алғаш жұмысқа орналасқанда еңбек шартын оқи білуі керек. Банктен несие аларда шарттың мазмұнына мән беруі тиіс. Интернетте жеке деректерін қорғаудың маңызын түсінуі керек. Тұтынушы ретінде құқығын білуі қажет. Сондықтан құқықтық білімді тек Конституцияның баптарын жаттатумен шектеуге болмайды.

Бүгінде азаматтың құқықтық сауаты бұрынғыдан да маңызды. Өйткені құқықтық қатынастардың едәуір бөлігі цифрлық ортаға көшті. Онлайн несие, электронды келісімшарт, цифрлық қолтаңба, интернет-дүкен, әлеуметтік желідегі жарнама, жеке деректер, онлайн қызметтер – мұның бәрі азаматтың құқықтық сауатын талап етеді. Сондықтан цифрлық сауат пен құқықтық сауатты енді бір-бірінен бөле қарауға болмайды.

Құқықтық мемлекет заңдардың санымен өлшенбейді. Оның шынайы өлшемі – азаматтың өз құқығын қаншалықты білуі, сол құқықты қорғай алуы және мемлекетке заңды талап қоя алуы. Заңды білмеген адам кейде өзіне тиесілі мүмкіндіктен айырылып қана қоймай, заңсыздыққа төзіп үйренуі мүмкін. Ал заңсыздыққа төзім қалыптасқан жерде құқықтық мәдениет әлсірейді.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

Талшын АСЫЛБЕКОВА.
Алматы облысы Әділет
таменгі зияткерлік меншік
құқықтары бөлімінің
бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Туған жердің топырағы да қолдайды» деген ұлағатты сөз бар. Бектас ағамыз 1956 жылы 12 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Тесіктас ауылында дүниеге келген. Бұл Жуалы топырағы қазақтың басына күн туған шақта қасиетті жерлерін жаудан қорғаған небір апайтөс батырларды дүниеге әкелген өңір; сөздің киесін қадірлеген асыл мекен. Содан да болар бұл өңірде ұрпақтан ұрпаққа ұлағат болып қалған аңыз әңгімелер, ел аузында айтылып жүрген даналық тағылымдары, өсиет, баталық сөздер қастерленді. Бауыржан Момышұлындай елінің марқасқа перзенті тәрбиеленген топырақ осал бола ма? Қазақтың сөз зергерлерінің бірегей тұлғасы Шерхан Мұртаза дүниеге келіп, қанаттанып өскен киелі топырақ. Топырағы асыл Жуалыдан самсап қаншама генерал өсіп шыққандығы туралы ел арасында аңыз болып кеткен әңгімелер көп.

Жуалы топырағы бейне бір Баукене генерал атағын киміған кеңестік билікке ерегісіп «мәсаған генерал керек болса!» дегендей қылыпты. Ол генералдар санын бірде сегіз десе, тағы бір деректерде он, келесісінде он үш деп әңгімелейді. Мейлі, қаша болса да, әйтеуір, аз емес. Олардың бәрін атау шарт болмас, ішінен дералас, Ауған соғысының ардагері, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаевты атасақ та тақиямызға тар келмес. Енді осыдан кейін топырақтың киесі бар дегенге қалай сенбеске?! Осыдан ба екен, алдарында осындай оқшау қадірлі алдаспан тұлғалар шамшырақтай жарқырап, темірқазық жұлдызындай жол көрсетіп тұрғандығынан ба екен, Жуалы өңірінде елім деген азаматтың басы айрықша құрметке ие.



АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС

Халық арасында ұлағаты көп тараған ел мен жер туралы айтылғанда көтеріңкі леппен, айрықша мәртебесін арттыратын «аталы атырап, баталы топырақ» деген қалыптасқан тағылымды тіркес бар. Осындай мекеннің қатарына Жамбыл жерін, оның Жуалыдай жарқын өңірін жатқызуға болар. Әйгілі Баукең батырдың «Ұшқан ұя» романындан бұл өлкенің жері мен елі туралы естеліктерді тебіренбей оқу мүмкін емес. Осы туындыда атасы Имаштың Бауыржандай немересі жарық дүние есігін ашқанда беретін батасы былайша өріледі ғой:

Алатаудың қыраны мол еді,
Қырағы болсын құлыным,
Қойнауы суға толы еді,
Бұлағы болсын, құлыным.
Елінің тілегі зор еді,
Шырағы болсын, құлыным,
Бұл жер батырлар төрі еді,
Сынары болсын, құлыным!

Иә, аталы атырапта, баталы топырақта өскен Бектас ағамыздың да осындай аузы дуалы қариялардың ажқарма батасымен қанаттанып, жігерін жанып өскендігі сөзсіз. «Баталы ерге бақ қонар» демекші, осындай құнарлы топырақ талапты жасты қолтығынан демеп, биік мұраттарға жетелеп отырғынан көреміз. Өз ауылының шағын мектебінен орта білім алып шыққан жас бірден алыс көкжиектерге көз тігіп, алдына үлкен мақсат қойыпты – сол кездегі жас атаулының биік арман шыңындай Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін заңгер-құқықтанушы мамандығы бойынша тәмамдаған. Одан әрі үздіксіз ізденіске толы еңбек жолдары басталып әуелгі қадамын 1978–1983 жылдары Жамбыл қаласы орталық аудандық сотында сот орындаушы, Жамбыл облыстық атқару комитеті әділет бөлімінің консультанты, одан аға консультант болып сатылап жалғаса берген. Талапты жанның әуелгі қадамдары заңгер ретінде шыңдап, қанатын бекітті, тәжірибе жинар баспалдағы болды. Оны әрі қарайғы өрлеу жолынан байқау қиын емес. Бектас Әбдіханұлы 1984–1990 жылдары Жамбыл облысы, Жуалы аудандық сотының судьясы; 1990–1996 жылдары Жамбыл облыстық сотының мүшесі, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болса, 1997 жылы Жезқазған облыстық сотының төрағасы болып жемісті еңбек етті. Одан кейін 1997–1999 жылдары Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, ал 2000 жылы Әділет министрлігі Сот қызметін ұйымдастыру департаментінің директоры міндетін мінсіз атқарды. Сот жүйесінің білгіріне айналған әріптесіміз 2000–2002 жылдары ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, 2002–2006 жылдары Атырау облыстық сотының төрағасы, 2006–2009 жылдары Алматы қаласындағы мамандандырылған қаржылық сотының төрағасы, ал 2009–2011 жылдары Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметін біліктілікпен атқарып шықты.

Осындай еңбек жолынан өтіп, саланың ыстығы мен суығын қатар көрген, шеберліктің шыңына шыққан азаматтың 2011–2013 жылдары Жоғарғы Сот төрағасы болуы тегін емес. Сонымен қатар Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы болуы Бекназаровтың білімі мен тәжірибесіне деген ел сенімінің көрсеткіші болса керек.

Бектас Әбдіханұлының еңбек жолы нағыз ізденімпаз заңгердің жолы. Ол соттың халық үшін неғұрлым ашық болуына көп қажыр-қайратын жұмсады, неғұрлым жариялы болуы жолында зор еңбек сіңірді және осы елдік мұрат жолында өзінің мол тәжірибе жинағандығын, заң мен сот істерінде асқан біліктілігін таныта білді. Халқы оны, ел алдыменен, ел заңының берік сақшысы, әрі екі қоғам айрығындағы құбылыстар мен өзгерістер тұсындағы реформаларды жетілдіруші, жаңа кезеңге бейімдеуші жетекші заңгер ретінде таныды. Осы бір сындарлы шақта жас заңгерлерімізге аға буының жол көрсетуі, соңынан ерте білуі аса маңызды болатын. Міне, Бектас Әбдіханұлындай тәжірибелі де білікті, парасаты мол заңгердің көш бастаған белсенділігі осы тұста қажет болғанын әрқайсысымыз сезінгеніміз анық.

Бектас Әбдіханұлы заңгерлік қызметтегі бас-
палдақтары арқылы жоғары елдік мәртебеге қол
жеткізді; халық үшін тандаулы тұлғаға айналды.
Сөзімізді нақтылай түссек, 2014 жылы 11 тамыз-
дан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ал 2016
жылғы 16 қыркүйектен бастап ҚР Парламенті
Сенаты төрағасының орынбасары болып қызмет
атқарды. Бұл жылдар Бектас Әбдіханұлының
нағыз мемлекет қайраткері тұрғысынан, елінің
бетке ұстар тұлғасы ретінде төселген, әбден пісіп,
шыңдалған кезеңі болатын. Және бұл жылдар
біздің кейіпкеріміздің жеке басының тағдырында
ғана емес, бүкіл елімізде қоғамдық құбылыстар
орын алып жатқан. Қазақстанның тәуелсіз мем-
лекет ретінде, дүниежүзі елдерінің арасында өз
биігін айқындауға, дамыған алдыңғы жұрттар
қатарына қосылуға алғашқы қадамдарын жасаған
аса бір жауапты сындыры шақтар болатын. Осы
себеппен де біз Бектас Әбдіханұлын ел тәуел-
сіздігін нығайтуға толымды үлес қосқан, шаңы-
рағын биікке көтеріп, керегесін кеңейту жолында
қажырлы еңбек еткен өрнекті мемлекет қайрат-
кері қатарына қосатынымыз анық.

Ең бастысы Бектас Әбдіханұлы тәуелсіз еліміздің заңы мен сот саласы үшін өлшеусіз еңбек сіңірді, ел заңнамасының жаңа беттерін ашылып, негізі қалануына және қалыптасуына, мемлекетімізде адам құқығының сапалы қорғалуына, сондай-ақ қауіпсіз қоғам қалыптастыруға үлес қосатын жаңа жас буынның өсіп, тәрбиеленуіне зор үлес қосқанын мақтанышпен айтамыз. Оған дәлел ретінде Бектас Әбдіханұлының «Парасат», «Достық», II, III дәрежелі «Барыс» ордендерімен қоса көптеген медальдармен марапатталғанын айтуға болады. Бұған ел арасындағы мәртебелі абыройын, заң мен сот саласындағы салмақты орнын қоссақ, ең ағасы ретіндегі беделі жоғарылай түсетіні айқын.

Ел шежіресіне, мемлекеттік маңызы ауқымды іс-шаралар жинақтарына, энциклопедияларға үнілетін болсақ, Б.Бекназаров мемлекеттік, депутаттық қызметтер атқарған 2014–2016 жылдардағы мұрағаттық құжаттарда оның қолтанбасы, атқарған қызметтері мен сіңірген еңбектері, аса абыройлы қадір-қасиеті, биік мәртебелі орны айқын танылады. Өрине, Бектас Әбдіханұлы осы зор абырой-беделіне, ең алдымен, еліміздің заңы мен сот салаларына сіңірген еселі еңбегінің, қайраты мен қажырының, білімі мен іскерлігінің, алдына қоя білген жоғары талабы мен мақсатты мүддесі арқылы жеткендігін сеніммен айтуға толық қақымыз бар.

Сот жүйесінің білгіріне айнаған әріптесіміз 2000–2002 жылдары ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, 2002–2006 жылдары Атырау облыстық сотының төрағасы, 2006–2009 жылдары Алматы қаласындағы мамандандырылған қаржылық сотының төрағасы, ал 2009–2011 жылдары Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметін біліктілікпен атқарып шықты.

Осындай еңбек жолынан өтіп, саланың ыстығы мен суығын қатар көрген, шеберліктің шыңына шыққан азаматтың 2011–2013 жылдары Жоғарғы Сот төрағасы болуы тегін емес. Сонымен қатар Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы болуы Бекназаровтың білімі мен тәжірибесіне деген ел сенімінің көрсеткіші болса керек.

Бектас Әбдіханұлы жай ғана қатардағы заңгер емес, еліміздің заң тұтқасын қолына ұстаған жетекші тұлға. Заң саласының билік тізгініне нық сеніммен ие болған қайраткер ретінде де баршамызға өнеге болып білді. Әсіресе, 2011–2013 жылдары Б.Бекназаров Жоғарғы Сот төрағасы ретінде ел заңы мен сотына шын мәнінде бас болып, жетекшілік, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті, сол арқылы әріптестер ортасында ғана емес, ел-жұрт арасында кеңінен таралып, көпшілік ілтипатына бөленді. Сол жылдары мен Маңғыстау облыстық сотының төрағасы қызметінде жүргенде, әйгілі Жаңаөзен оқиғасы өршіп, белең алған тұс болатын. Жасыратыны жоқ, ел басшылығы үшін де, қоғам белсенділері мен зиялы қауым арасында да, жалпы ел ауқымы деңгейінде де бұл оқиға зор қобалжу туғызғаны анық. Міне, осы тұста Жоғарғы Сот төрағасы Бектас Бекназаровтың салқынқанды саяси ұстанымы, заң ісіне терең біліктілігі, Жаңаөзен халқын, еңбеккерлерін сабырлылық пен ұстамдылыққа шақыра біліп, сауатты да байсалды, тоқтамды лебізімен басу айтып, ұйытқа білгендігі, ақыр аяғы орын алған дау-жанжал бойынша заң асында әділ шешім шығаруға ұйытқы болуының арқасында ел тірлігінің қалыпты арнаға түсуіне зор ықпал еткендігін өз көзімізбен көріп, қатты ризашылықпен, сүйсінген едік. Осының бәрі баршамыз үшін де сабақ болды, осы арқылы біз қандай да бір күрделі жағдай туындамасын іс тетігін таба білуге, қиын жағдайдан шыға білуге үйрендік. Б.Бекназаровқа «Құрметті судья», «ҚР құрметті заңгері» атақтарының берілуі – әділеттің салтанат құрған көрінісі деп бағалар едік. Сонымен бірге, оған «Үш би» белгісінің иегері.

Бектас Әбдіханұлы, сонымен бірге, өнегелі отағасы, қадірлі жар, екі қыз бен бір ұл тәрбиелеп өсірген абзал әке. Осы тұста, орайы келгенде:

Бектас Әбдіханұлымен әзі арамыздағы сыйлас-тық, қарым-қатынас туралы сөз қозғап кеткім келеді. Өйткені, терең сыйластық әуелгі қызметтік әріптестік байланыстар арқылы басталып, бірте-бірте өрістемей ме?! Алғаш танысқанда мен Теміртау қалалық сотының төрағасы едім. Біріжолы Петропавл қаласында заң қызметкерлерінің басын қосқан жиын өтті. Осы басқосуда Атырау облыстық сотының төрағасы болып жүрген Бектас Әбдіханұлымен танысудың сәті түсті. Орайы келгенде Бектас ағамызбен өзара пікір алмасып, шүйіркелесіп қалғанбыз. Сонда ғана ол кісінің

жерлесім екенін, Жуалы топырағынан шыққандығын білдім. Әшейінде тек қызмет айналасында тілі қатысып, кімнің қай жақтан шыққанына мәңгіге бермейтініміз рас. Тек сол жолы, пікір-көзқарасымыз үйлесе келгенде, жөн сұрасып, «е, жерлес екенбіз» деп іштарғысып қалғандай болып едік. Несі бар, қасиетті топырақтың жақындастыратыны да рас, одан бөтен ниет көруге болмас. Шыңтайығна келгенде, ағамыздың жерлестігінен бұрын, соншалық биік басын аласарта білетін кішіпейілдігіне, өзін қарапайым ұстай білетіндігіне, ізеттілігіне тәнті болдым. Сол таныстықтан бастап, ілімпазты, ыстық қарым-қатынасымыз суыған емес. Қамқор ағалық пейілін, адал ниетін үнемі сезініп жүремін.

Осы орайда, ағамыздың адамдық қасиеті, тәрбиелік өнегесі турасында бір ұлағатты әңгіме өрбіткім келеді. Өткен жылы әріптестермен бірге сонау Америка құрлығындағы үлкен мемлекет Канадаға жол түсті. Сол сапарластарымыздың ішінде Алматы қалалық сотының алқа төрағасы Нариман Бектасұлы да болды. Сол сапарда мен кісі баласының өз тегіне тартпай қоймайтынына анық көз жеткізе түстім. Нариманның ізеттілігі, биік мәдениеті, іші-бауырына кіріп кеткенді кішіпейіл мінезі, өзін-өзі ұстауы, жалпы жүріс-тұрысы, тіл қатысуы, сөз саптасы бәрі мені тәнті етті. Қатты риза болып, сүйсінгеннен: «Шіркін-ай, ізімден ерген жарастарымыз, ізбасарларымыз тап осы Нариман Бектасұлы бауырымыздай биік ерелі, өнегелі, мәдениетті болса, ойынды айтқызбай-ақ ұғып тұрса қандай ғанибет!» – деп ойладым. Әрине, көзіне көрініп тұрған ұлағатты қалайша айтпай, сыртқа шығармай, ішіне бүгіп қаларсың. Мен де ініме алғыс айтып, ыстық лебізімді білдірдім, үлкендік парызымыз ғой.

Нариман Бектасұлының халықаралық қарым-қатынас, дипломатияға жүйріктігі де айқын танылып тұрды. Өзі ағылшын тілінің де білгірі екен. Осындай азаматтарымыз көбейе берсе, еліміздің әлем алдындағы абырой-беделі төмендемесі анық, заңгерлік қызметі, әрине, өз алдына деген ойлар басыма келді. Ал енді осындай алғыр ойлы азаматты тәрбиелеп шығарған ата-анасына қалайша сүйсінбесей?!)

Осылайша Бектас Әбдіханұлының мемлекет және қоғам қайраткерлігінен тыс, биік мәртебелі заңгерлігінің сыртында, аталық, әкелік қасиет қырына да, ұлағаты мен тағылымының молдығына, өнегесіне көзім жете түсті. Ұшқан ұсынан озық өнеге алып шыққан перзент – ата-анасының ғана абыройы мен мақтанышы емес, уақыты жеткенде, ел-жұртына қалқан болып, бүкіл аймағының бетке ұстарына айналмас па?! Міне, біздің көнеден жалғасына келе жатқан аталық өнеге – ұрпақ сабақтастығы дегеніміз осы!

Сол жолы, оның болашағы зор азамат екендігін де, аман болса, тұғыры жоғарылай берерін де аңдап едім. Түйсігім алдаматпы, таяуда ғана ел Президентінің жарлығымен Нариман Бектаұсов Бекназаров Алматы облыстық сотының төрағасы болып тағайындалды. Нариман бауырымызға да жауапты қызметіне сәттілік тілей отыра, биіктен-биікке көтеріле беруіне, әке абыройын меже ете отырып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне ниеттестігімізді білдіргіміз келеді.

Бектас Әбдіханұлының өзі де бүгінгі күні тұғырынан түсіп тұрған жоқ. Жетпіс жылдық асуына шығар қарсаңында да қылан ұрып, еліміздің даму, өркендеу бағытына лайықты үлесін қосып, қатардан қалмай еңбектенуде. Олай болса, тоқсан ауыз сөзіміздің түйініне жеткізіп айтарымыз, аса құрметті Бектас Әбдіханұлына ең алдымен, мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілей келе, бұдан былай да мәртебелі тұғырынан түспесіне, мемлекетті мен қайына жұртына қызмет ету жолында қажымай-талмай, қайратына жігерін жанып, еңбектене береріне сенім білдіреміз. Өзіңізді әрқашан биік асулардан көре берейік, қадірлі Бектас Әбдіханұлы!

[illegible]

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

ЦИФРЛЫ ЕЛ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – СУДЬЯНЫҢ СЕНІМДІ КӨМЕКШІСІ

Қазақстандық сот уақыт көшінен қалмай, ілгері дамып келеді. Мемлекеттік қызмет саласында онлайн форматқа алғашқылардың бірі болып көшкен де сот болатын. Осы бастамалардың арқасында сот өндірісіне түскен материалдар мен істер судьяларға адамның қатысуынсыз автоматты түрде бөлініп, жеке және заңды тұлғалардың сотқа қашықтан жүгініп, қажет ақпараттарды онлайн алуына жол ашылды.

...жасанды интеллектті мүмкіндіктері алдымен Астана, Жамбыл, Қарағанды және Маңғыстау облысының соттарында пилоттық режимде сынақтан өтті. Жаңа жүйені соттар қаралған істерді терең талдау және құжаттарды өңдеу мақсатында пайдаланып, оны мен соның сақалап көрді.

Бүгінде сот отырысына шалғай ауылда, тіпті шетелде жүріп қатысу, сот құжаттарын үйден, кеңседен шықпай-ақ алу қалыпты жағдай. Ал сот отырыстарының тікелей желі арқылы трансляциялануы сот құрылымының жаңа технология жетістіктерін жан-жақты енгізіп қоймай, сот қызметкерлерінің де жаңашылдықты тез меңгергенін көрсетеді.

Соңғы уақытта Қазақстанда жасанды интеллект жетістіктері қолданылмаған сала аз. ЖИ игілігі білім, мәдениет, медицина саласында да жан-жақты қолданылып, сала қызметкерлерінің ғана емес, азаматтардың да жұмысын жеңілдеткені рас. Осындай эволюциялық жаңғыруға қадам жасаған саланың бірі – сот. Сот саласында жасанды интеллект қуаты адам факторы мен қателерді жою, процестерді жеделдету және судьялардың жұмысын жеңілдету мақсатында қолданылуда.

Әсіресе, азаматтық іс жүргізуде жасанды интеллект судьяның сенімді цифрлық көмекшісіне айналып келеді. Өрине, сот сияқты адам тағдыры таразыға түсетін аса жауапты салада кез келген жаңашылдықтың көзсіз енгізілмейтіні түсінікті. Бұл жолы да жасанды интеллект мүмкіндіктері алдымен Астана, Жамбыл, Қарағанды және Маңғыстау облысының соттарында пилоттық режимде сынақтан өтті. Жаңа жүйені соттар қаралған істерді терең талдау және құжаттарды өңдеу мақ-

сатында пайдаланып, оны мен соның саралап көрді.

Осы сынақтар барысында жасанды интеллекттің соттағы бюрократияны қысқартуға, сот процестерінің ашықтығын арттыруға, уақытты үнемдеуге және қателерді азайтуға айтарлықтай ықпал ететіні байқалды. Әсіресе азаматтық іс жүргізуге цифрлық технологияларды енгізу азаматтық істер бойынша шешім қабылдау қиындықтарын жоюға айтарлықтай көмектесетінін көрсетті.

Жасанды интеллект жетістіктерін меңгеру, сот жұмысында пайдалану бүгінгі қадамдармен шектеліп қалмайтыны белгілі. Өйткені, бұл жаңашылдықтың салаға, жалпы қоғамға берер артықшылығы әлі де көп. Мысалы, ChatGPT эксперименттен кейін Америка Құрама Штаттарында заңгерлік практика үшін қажетті тестілеуден өтті. Бүгінде азаматтармен өзара әрекеттесуді жақсарту үшін биометриялық құралдарды пайдаланып, сандық салада әртүрлі транзакцияларды лезде аяқтау үшін пилоттық жобалар іске қосылуда. Ал Ресей Федерациясында жасанды интеллект технологияларын пайдаланудан туындайтын әлеуметтік қатынастарды заңды түрде реттеудің алғашқы қадамдары жасалды. Қазақстанда да сот қауымдастығы заңгерлер, ғалымдар, ЖИ саласының білікті мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізіп, сот ісін

жүргізуде жасанды интеллектті қолданудың жетістігі мен кемшілігін зерделеп, қызметтерді одан әрі дамытудың мүмкіндіктері мен оны енгізудегі судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуеті зерделеніп келеді. Мәселен, қазір азаматтық сот ісін жүргізу барысында судьялар жасанды интеллект

РУХАНИЯТ



СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӘДЕБИ МҰРАНЫ ДӘРІПТЕДІ

«Қазақ әдебиетіндегі таңдаулы 100 кітап» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, драматург, мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романына арналған әдеби көш өтті.

Іс шараға Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық сотының қызметкерлері, Қазақстан Өлкетанушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, тарихшы, «Үздік өлкетанушы» Бекарыстан Мырзабай, гуманитарлық ғылымдар магистрі Берік Мырзабай және т.б. зиялы қауым өкілдері қатысып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Тахауи Ахтановтың шығармашылығы туралы сөз қозғады. Әдеби көш барысында жазушының өмірі мен шығармашылық жолы, «Шырағың сөнбесін» романының идеясы мен қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орны туралы кеңінен айтылды.

Сонымен қатар, оқырмандарға Т.Ахтановтың немересі, «Тұран» университетінің сениор-лекторы Мерей Ахтанова жолдаған бейнежазба, «Шалқар шабыт иесі» кітап көрмесіне библиографиялық шолу, «Шырағың сөнбесін» романынан үзінді, «Шырағы сөнбеген кемел тұлға» тақырыбында QR кодымен жазушының 25 кітабы жинақталған стенд ұсынылды.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз қызметі

КИЕ

Тіл – қай мемлекеттің болсын егемендігі мен тұтастығын айшықтайтын басты белгінің бірі.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі Конституцияның 9-бабында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені анық шегеленген.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Бұл норма сот жүйесінің де қызметінде негізгі бағдар болып табылады. Бүгінгі сот реформасының мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру және «Заң мен Тәртіп» қағидатын толыққанды жүзеге асыру. Ал бұл мақсатқа сот ісін жүргізу тілін заң талаптарына сай, сауатты да еркін қолданбайынша жету мүмкін емес.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (бұдан әрі – ӘРПК) мемлекеттік басқару саласындағы жария-құқықтық қатынастарды реттеумен қатар, әкімшілік істерді сотта қараудың тәртібін белгілейді.

Осыған байланысты әкімшілік сот ісін жүргізуде қазақ тілін қолдану тек тіл мәселесі емес, сонымен бірге азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық кепіл.

Статистикалық мәліметке сүйенер болсақ, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 1-бабында егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде ҚР Азаматтық процестік кодексінің ережелері қолданылатындығы түсіндірілген.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады деп

көрсетілген. Әкімшілік істер бойынша әкімшілік талап қою адвокаттармен, заң консультанттарымен беріліп жатады.

Яғни, көп жағдайда адвокаттар мен заң консультанттары мемлекеттік тілді біле тұра әкімшілік талапты орыс тілінде беріп жататыны жасырын емес. Сот отырысын өткізу барысында барлық тараптар қазақ тілін меңгерген болса да іс жүргізу тілі әкімшілік талап берілген тілге сәйкес жүргізіледі. Істі орыс тілінен қазақ тіліне ауыстырып жататын жағдайлар да аз емес.

Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, 2023 жылы 131 әкімшілік талап қою, 2024 жылы 246 әкімшілік талап қою, 2025 жылы 286 әкімшілік талап қою, 2026 жылдың 8 айы қорытындысы бойынша 190 әкімшілік талап қою мемлекеттік тілде берілген.

Әкімшілік істерде қазақ тілін қолдану деңгейі артқанымен, тәжірибеде бірқатар мәселелер әлі де кездеседі. Олардың қатарында құқықтық терминологияның бірізді болмауы, кейбір процестік құжаттардың сапалы аударылмауы, қазақ тіліндегі құқықтық әдебиеттер мен практикалық материалдардың жеткіліксіздігі сияқты мәселелерді атауға болады.

Әкімшілік істерде қазақ тілінің қолданылуын одан әрі дамыту тек сот органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік органдардың, құқық қорғау саласының мамандары мен заң қоғамдастығының ортақ міндеті. Мемлекеттік тілдің әкімшілік сот ісін жүргізудегі орны нығайған сайын азамат пен мемлекет арасындағы құқықтық коммуникация да сапалы деңгейге көтеріледі.

С.ТАБАНОВ,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

АЛТЫН КӨМБЕ

ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Мемлекеттік тіл – көз келген тәуелсіз мемлекеттің басты құндылықтарының бірі. Ол – халықтың тарихын, мәдениетін, рухани байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпір.

Тіл – ұлттың жаны. Ана тілін құрметтеген халық өзінің ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап қалады. Мемлекеттік тілдің дамуы елдің тұтастығын нығайтып, қоғамдағы келісім мен татулықтың берік негізін қалайды. Бір тілде еркін қарым-қатынас жасау адамдарды жақындастырып, өзара түсіністік пен сыйластықты арттырады. Сондықтан мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елімізде түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Осындай бірлікті сақтауда мемлекеттік тілдің рөлі ерекше. Қазақ тілін



Анара ЖАКУЛИНА,
Көкшетау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының бас маманы

білу – Қазақстанды ортақ Отаным деп санайтын әрбір азаматтың парызы әрі жауапкершілігі. Мемлекеттік тілді меңгеру азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, білім алып, еңбек етуіне кең мүмкіндік береді.

Бүгінде қазақ тілінің қолданыс аясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында және цифрлық кеңістікте қазақ тілінің үлесі артып отыр. Бұл – мемлекеттік тілдің дамуына бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі. Сонымен қатар жастардың қазақ тілінде сапалы білім алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі және жаңа технологияларды игеруі тілдің болашағына сенім ұялатады.

Мемлекеттік тілді дамыту – еліміздің болашағына салынған инвестиция. Әрбір азамат қазақ тілін құрметтеп, күнделікті өмірде кеңінен қолданса, мемлекетіміздің бірлігі нығайып, тәуелсіздігіміздің тұғыры беки түседі. Мемлекеттік тіл – халқымызды біріктіретін, елдігімізді айқындайтын және жарқын болашаққа бастайтын басты құндылық.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

«Некені тіркеу мерзімін ұзарту қажеттігі» туралы ақпаратқа СЕНБЕҢІЗ!

Алаяқтардың араласпайтын саласы, кіріспей-тін ортасы қалмады. Азаматтардың сенімімен ойнап, сан соқтырып жүргендерді дер кезінде анықтап, сақтандыру үшін құзырлы органдар да қалтқысыз қызмет етуде. Мысалы, жақында екінші деңгейлі банктердің қосымшасы арқылы «некені тіркеу мерзімін ұзарту қажеттігі» туралы ақпарат тараған еді. Әділет министрлігі бұл ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін және алаяқтық сипатқа не екендігін ескертіп отыр.

Әділет министрлігінің ресми өкілі Талғат Уәлидің айтуынша, Неке және отбасы заңнамасына сәйкес, неке бір рет тіркеледі және оның шекті мерзімі белгіленбейді. Сәйкесінше некені ұзарту талап етілмейді. Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша некені бұзу

арқылы, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылуы мүмкін. Әрі некені бұзу тек тіркеуші орган арқылы немесе сот шешімінің тәртібімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар некені бұзу тіркеуші орган арқылы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, ал сот тәртібімен бұзылған жағдайда – сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Осыған байланысты Әділет министрлігі жоғарыдағы хабарламалардың шындыққа сәйкес келмейтінін ескертіп, оларды көрсетілген сілтемелерге өтпеуге және дербес деректерді бөгде адамдарға ұсынбауға шақыруда.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ЕҢБЕК БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында Л.-дың Полиция департаментіне еңбек өтілін жеңілдікті тәртіппен есептеуді және жеңілдікті жылдарды ескере отырып, зейнетақыны қайта есептеуді жүргізу туралы талабына орай әкімшілік іс қаралды.

Қызметтен босатылған кезде Л.-дың ішкі істер органындағы еңбек сіңірген жылдарының жеңілдікті есеппен мөлшері 29,6 жылды құраған. Талапкер 2003 жылғы 31 қаңтардан 2007 жылғы 9 қаңтарға дейін Целиноград аудандық Ішкі істер бөлімінде қылмыстық іздестіру бөлімінің кіші инспектор-кинологы қызметін атқарған. Департаментке жүгінген Л. еңбек сіңірген жылдарын қайта есептеуді сұраған. Департамент Целиноград аудандық Ішкі істер бөлімінің ғимараты орналасқан Көктал ауылы 2000 жылғы Жарлықпен Астана қаласының қарамағына берілгенін, ал Астана қаласына жеңілдікті жағдайлар қолданылмайтынын айтқан.

2000 жылғы 8 тамыздағы Жарлықпен Көктал

және Интернационал ауылдық округтері Астана қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысына берілген. Л. Целиноград ауданының аумағында қызмет атқарған, оның қызметі ауылдық елді мекендерге шығумен, қылмыстарды ашумен және полиция бөлімінің ғимаратынан тыс жерлерде қызметтік міндетті орындаумен байланысты болған.

Осылайша сот шешімімен Л.-дың Полиция департаментіне қатысты еңбек өтілін жеңілдікті тәртіппен есептеуді тану және жеңілдікті жылдарды ескере отырып, зейнетақыны қайта есептеуді жүргізу туралы әкімшілік талап қоюы қанағаттандырылды. 2003 жылғы 31 қаңтардан 2007 жылғы 9 қаңтарға дейінгі қызмет кезеңі бір жыл қызмет өткергені бір жарым жыл болып есептелетін жеңілдікті шарттар бойынша есептеуге жататындығы танылды.

Сот актісі заңды күшіне енген жок.

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «New Way Development» ЖШС (Нью Вэй Девелопмент) (БСН 060640001248) серіктестіктің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мен шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-үй. Тел. +7 701 206 80 04.

5. «Адилъ М плюс» ЖШС (БСН 050940009113) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Ақжиек көшесі, 168-ғимарат.

6. «Автокөлік құралдарын кепілге алу арқылы кредиттеу жөніндегі компаниялар қауымдастығы» Занды тұлғалар бірлестігі (БСН 191140017790) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Ы.Қабеев көшесі, 16-ғимарат. Тел. +7 771 968 83 33.

7. «JanseitStroy» ЖШС (БСН 240840021961) (ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Шақшақ Жәнібек батыр көшесі, 45Б үй, 130-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Юбилейный шағынауданы, 6-үй, 130-пәтер. Тел. +7 747 450 11 97.

8. «Сан Секьюрити» ЖШС (БСН 240140036518) өзінің жабылуы туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Балауса ықшамауданы, Әлімхан Ермеков көшесі, 54.

9. «SUNQAR EXPRESS» ЖШС (БСН 250640026312) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 29-үй, 236-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Жұмаділла Алдияров көшесі, 10А-үй. Тел. 8 747 623 05 80.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

ӘРТҮРЛІ

3. «Геоданг Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 980140008427) «Қазбайлық Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 060940004614) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Тәттімбет көшесі, 10-үй, 178-пәтер. Тел. 8 708 506 29 76.

4. «Казбайлық Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 060940004614) өз құрамына «Геоданг Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (БСН 980140008427) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 37-үй, 1-тұрғын емес үй-жай, 227-кеңсе. Тел. 8 708 506 29 76.

10. «Caspian Offshore and Marine Construction» ЖШС (БСН 030340000622) «Azhar-oyl» ЖШС-ін (БСН 111240005397) өзінің құрамына қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ, 7, 2-ғимарат. Тел. +7 701 599 95 02.

11. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-сі (БСН 040440004431) Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 171, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне қосылып, өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 171, тел. 8 (727) 293-70-80, 399-89-88.

Мамандандырылған экономикалық соттар бірыңғай сот практикасының қалыптасуына ықпал етеді. Бір тектес істердің ұқсас заң нормалары негізінде әділ әрі болжамды шешілуіне жағдай жасайды. Ең бастысы бұл бір салаға бейімделген судьялар шоғырын қалыптастырудың да кепілі. Себебі мұндай соттарға іріктелген судьялар тек бір салаға байланысты заңдарды қарап, осы саладағы бірыңғай сот практикасына ғана көңіл бөледі.

Бүгінде кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық туралы, экономикалық, әскери, қаржылық соттар жемісті еңбек етіп келеді. Осы қатарда еліміздің әр өңірінде құрылып, өз қызметін бір арнаға түсірген мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарының да үлесі басым.

Соңғы жылдары экономикалық даулар санының артқаны байқалады. Олардың көпшілігі шарттық міндеттемелерді орындамаудан туындайтынын көріп жүрміз. Сондай-ақ экономикалық соттарда жиі кездесетін істердің бір парасы кәсіпкерлік субъектілері арасындағы мүліктік және мүліктік емес дауларға қатысты азаматтық істермен байланысты. Бұдан бөлек, мемлекеттік сатып алу келісімшарттары бойынша даулар, мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушыларды тану туралы талаптар саны басым.

Өсіресе, мемлекеттік тапсырыс, яғни тендерге байланысты дауларда бірыңғай тәжірибе қалыптасып үлгерген. Соның ішінде бірнеше тендерде жеңіске жеткенімен, келісімшарттық міндеттемелерін орындамайтын кәсіпкерлер тек кәсіптің дамуына ғана емес, ел экономикасының ілгерілеуіне де айтарлықтай залал келтіреді. Ал экономикалық сот мұндай дауларды сауатты қарау арқылы мемлекеттік тапсырыс алаңында жауапты кәсіпкерлердің қалуына, жосықсыз кәсіпкерлер тізімін жасақтау арқылы тендерден ынталылар сапында тек адал қатысушыларды қалдыруға көмектеседі.

Олжас БАҒЖАНОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.



Бірақ «бір қыз тұрмысқа шығам десе, қырық қыз түс көреді» дегендей, сол орын босағалы әкімнің креслосын армандайтынғар саны өсе түскен. Басты қарсылас – кәсіпкер Жанат Мыңбай. Есболов тала мемлекеттік қызметке кәсіпкерліктен келген ғой. Мына жігіт те кәсібі дүрілдеп тұрған соң, кейінгі жылдары «ел игілігіне қызмет етсем» дегенді жиі айтты, әкім болуға бірнеше рет талап жасапты. Соңғы кезде Есболовты жиі сынатып, блогерлерге ауданның кемшіліктерін көрсетуге талсырысы беріп, қара пиарға кірісіп кеткен деуге көмекші. Бұдан бөлек Есболов пен танысы Жағалбек Сикымовтың арасы да жақсы емес. Жерге байланысты талай текетіресе түскен Есболов қазір Сикымовтың әр сөзінде табысты еңбек етіп жүрген соқталдай төрт ұлынан аяқ тартатынын жасырмапты. Сикымовтың өзі жетпістен асса да, айналасына сөзі өтетін қария. Өмір бойы малдың соңында жүргенімен, кенжесін ғана ата кәсіпке баулып, қалған үш ұлын оқытқан, мәнсабының өсуіне жағдай жасаған. Айтпақшы, Астанадағы Алматау ауданының қазіргі прокуроры Сикымов – Жағалбек атамздың үлкен ұлы. Көмекші жерге таластың соңы осындай қайғылы жағдайға әкелді ме деп күдіктенеді.

– Иә, бір әйелдің айласы қырық есекке жүк дейтін бе еді, – деп жоңы жымыған Абылайдан жана тапсырма алған соң, жігіттер жан-жаққа тарады да, бұл генералға апаратын қаздарды жинастырып, төртінші қабатты бетке алды.

Есіктен кірген мұны көрісімен Қанатбек орнынан ұшып тұрып:

– Жолдас полковник, Сұлтан Ахметов сізге бірнеше құжатты қалдырып кетті, – деді де папканы қолына ұстата қойды.

мандағы малшылар екен. Бәрімен сөйлестім, «Момын, қақ-соқпен ісі жоқ адам еді, қайтқан соң телефонын кім алғанын білмейміз, несінен сұраңыздар», дегеннен басқа ештеңе айтпады. Ал бұл нөмірден Есболовқа соңғы аптада 4 рет қоңырау түскен. Қазір өшіруді түр. Ең қызығы, байланыс операторы бұл нөмірдің локациясын тексеріп, оқиға болған күні Сұлусайға жақын маңда болғанын, кейіннен мүлде өшірілгенін жеткізіп отыр. Тау беткейінде байланыс жоғалып кететіндіктен, оператор күмәнді нөмірлердің сол аймаққа жақын жүрген, жүрмегенін ғана анықтайтын болып шықты.

– Жамбылда тіркелгенмен, баламның қолына

бардым. Саңдауаш ханымның жеке сұлулық салоны бар екен. Әкімші етіп туған сінділіс Дәрияны қойыпты. Қызметтік күзлігімді көрсеткеннен самбырлап бар білетінін жайып салды. Сөйтсек, Саңдауаш пен әкім Есболов бір мектепте қатар оқыпты. Екеуі сөз байласып жүргенде алдырмай қойған Есболовтың әкесі екен. Анасы ажырасқан кыз да алысқа бармайды, тағдырын қайталайды деп баласының тандауын құптамапты. Сол жолы екеуі екі жаққа кетіп, университет бітіргенде Есболов бірінші курсқа енді барған қаланың қызына үйленеді. Қазір төрт баласының үлкені 16-да екен. Ал Саңдауашпен осыдан он жыл бұрын жолдары қайта түйіскен.

(Жалғасы бар)